

ЖҰМЫСЫҢ БАР МА,
ЖАС МАМАН?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТІЛ – ОТБАСЫ
ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ
ӨЗЕГІ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

РЕСЕЙ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСІ ЖӘНЕ ОДАҚТАСЫ. ОРТАҚ ТАРИХҚА, БЕРІК ДОСТЫҚҚА, ӨЗАРА ҚҰРМЕТ ПЕН СЕНІМНІҢ МЫЗҒЫМАС ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, БІЗ КӨПТЕГЕН САЛА БОЙЫНША ӨЗАРА МҮДДЕНІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ АЙҚЫН ДӘЛЕЛІ САНАЛАТЫН МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТЫ ЖОЛҒА ҚОЙДЫҚ. ОСЫ МҮМКІНДІКТІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙМЕН АРАДАҒЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ОДАН ӘРІ НЫҒАЙТУДЫ КӨЗДЕЙТІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТҚА БЕЙІЛДІ ЕКЕНІН РАСТАҒЫМ КЕЛЕДІ.

№134
(4567)
Сенбі
11 қараша
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



2-3

ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЗОР САПАР

Осы аптадағы айтулы оқиғаның бірі – Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға ресми сапары болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл сапар екі ел арасындағы қарым-қатынасты дамыту перспективасын айқындау тұрғысынан ерекше мәнге ие екенін қадап айтты. Екі жақты келіссөздер барысында денсаулық сақтау, энергетика, ауыл шаруашылығы, спорт және басқа да салалардағы серіктестікті нығайтуға бағытталған бірқатар маңызды құжаттарға қол қойылды. Бұл уағдаластықтардың толыққанды жүзеге асырылуы Қазақстан мен Ресей азаматтарының тұрмыс сапасын жақсартуға оң әсерін тигізери сөзсіз. Жағымды жаңалықтың бірі – ресейлік компаниялар Өскемен, Семей, Көкшетау қалаларында жылу электр орталықтарын салады. Тиісті келісімге Ақордада екі елдің Энергетика министрлері қол қойды.



Бердібек Соқпақбаев пен Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтеді. Бұл туралы Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин мәлім етті.

«ЮНЕСКО Бас конференциясының 42-сессиясында ЮНЕСКО-ның атаулы күндері тізбесіне 2024 жылы жазушы Б.Соқпақбаевтың және 2025 жылы әйгілі композитор, күйші Н.Тілендиевтің 100 жылдығын енгізу туралы Қазақстанның ұсынысы қолдау тапты. Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Түрікменстан және Өзбекстанның «Диуани лұғат ат-түрк» атты түркі тілдерінің тұңғыш энциклопедиялық сөздігінің 950 жылдығын атап өту туралы бірлескен ұсынысы да қабылданды» деп жазды әлеуметтік желідегі парақшасында Е.Қарин.



10 қарашадан Қазақстан мен Қытай арасында визасыз режим күшіне енді.

Екі елдің азаматтары енді туризм, емдеу, халықаралық тасымалдау, транзит, іскерлік мақсаттар үшін визалық талаптардан босатылады. Шекарадан өткен күннен бастап 30 күнге дейін виза талап етілмейді.

«ASTANA
AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ
ЖҮРІП ЖАТЫР

АВТОБУС САНЫ АРТТЫ

Халыққа қоғамдық көлікпен қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында 7 маршрутқа 11 автобус қосылды. Олар №5, 5А, 60, 61 (1 бірлік), №45 және №54 (2 бірлік), №8 (3 бірлік) бағыт бойынша жүреді.

Автобустардың қозғалыс кестесіне шағын өзгерістер енгізіледі, бұл басқа маршруттарға түсетін жүктемені айтарлықтай азайтады.

Елордада қоғамдық көлікке сұраныс жоғары. Әсіресе, таңертеңгі 08:30-10:00, кешкі 17:30-19:30 аралығында автобустың жиілігін арттыру маңызды.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМ

Астана қаласындағы №2 мектеп-гимназияда «Алақан Мектеп» атты қанатқақты жоба қолданысқа енгізілді.

Бұл – мектептерге арналған алақан тамырларының биометриясына негізделген бірыңғай экожүйе. Мобильді қосымшаның көмегімен ата-аналар баланың мектепке кірген-шыққанын,

асханадан не сатып алғанын, тағы басқа қандай іс-әрекеттер жасағанын бақылай алады. Өткен жылы Ақтөбе облысының мектептерінде табысты іске асырылған жоба қажеттілігін көрсетті.



тылған тікелей инвестиция, біздің бағалауымыз бойынша, 20 миллиард доллардан асты. Соңғы екі жылда шамамен 3,5 миллиард доллар инвестиция салынды. Өз кезегінде Қазақстанның Ресейге құйған инвестиция көлемі 6 миллиард долларға жетті. Мұның екіжақты процесс екені қуантады. Мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық белсенді түрде ілгерілеп келеді. Еліміздің аумағы арқылы Ресей мұнайын Қытайға, сондай-ақ газын Өзбекстанға тасымалдау жөніндегі уағдаластықтар энергетика саласындағы ықпалдастықты мүлде жаңа деңгейге көтерді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Қостанай қаласында өтіп жатқан XIX

лады. Сондай-ақ ол 2024 жылы Ресейдің БРИКС пен ТМД-ға, ал Қазақстанның ҰҚШҰ-ға төрағалығы шеңберінде өзара қолдау көрсетуге дайын екенін растады. Келіссөз барысында мемлекеттер басшылары стратегиялық әріптестікті нығайтуға деген өзара ұмтылысын нақтылады. Өңіраралық және шекара маңындағы елді мекендер арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ерекше назар аударылды. Сондай-ақ тараптар мұнай-газ өнеркәсібі, машина жасау, энергетика, көлік-логистика, денсаулық сақтау және мәдени-гуманитарлық байланыс салаларындағы ықпалдастықтың негізгі аспектілерін талқылады. Бұдан бөлек, Қазақстан мен Ресей

тықты нығайтуды көздейтін бірқатар уағдаластыққа қол жеткізді. Өз кезегінде Владимир Путин дәстүрлі қонақжайлығы үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, шағын құрамдағы келіссөздің нәтижелі болғанын атап өтті. «Ресей мен Қазақстан – жай ғана емес, ең жақын одақтастар. Мұндай қарым-қатынас ұзақ жылдар бойы қалыптасты. Халықтарымыздың игілігіне қалтқысыз қызмет ететін байланыстарымызды нығайту дәстүрін жалғастырып отырғаны үшін Қасым-Жомарт Кемелұлына алғыс айтқым келеді» деді Ресей Президенті. Владимир Путин ауыл шаруашылығымен қатар, білім және ғылым, жоғары

пайыздан астам өсті. Былтыр тауар айналымы, Қазақстан статистикасы бойынша, 27 миллиард долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Биыл да оң динамика сақталып отыр. Segіз айдың қорытындысы бойынша сауда-сааттық көлемі 17 миллиард долларға жетті. Жалпы, өзара тауар айналымын одан әрі арттыру үшін зор мүмкіндік бар. Осы орайда екі елдің іскер топтары арасындағы байланыстардың айтарлықтай жанданғаны байқалады. Ресейлік компаниялар Қазақстан экономикасындағы жетекші инвесторлардың бестігіне кіреді. Олар жалпы 20 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Осы жылдың бірінші жартыжылдығында ғана Қазақстан экономикасына тартылған ресейлік инвестиция көлемі бір миллиард доллардан асты. Бұл өткен жылғы деңгейден 20 пайызға көп. Өз кезегінде Қазақстанның Ресейге салған инвестициясының көлемі 6 миллиард долларға жетті. Бұл екіжақты процесс екені қуантады» деді Мемлекет басшысы.



ЛОГИСТИКА МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында еліміздің көлік-логистика әлеуетін жүзеге асыру барысында кездесетін стратегиялық сын-қатерлер қарастырылды.

Мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың басшылары теміржол, автомобиль, теңіз, әуе көліктері, сондай-ақ құбыр арқылы тасымалдау бағыттарында жиі ұшырасатын проблемаларды шешу үшін атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндама жасады.

Мемлекет басшысы транзиттік жүк тасымалын, соның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалдау ісін дамытудың өзектілігіне назар аударды. Сондай-ақ отандық өнімдерді экспорттау үшін транспорт әлеуетін ұлғайту маңызды екенін атап өтті. Ол үшін инфрақұрылымдық шектеулер мен басқа да кедергілерді жойып, көлік-логистика қызметінің сапасын арттыру және тариф қалыптастыру жүйесін жетілдіру қажет.

Жиын барысында өнеркәсіп, экспорт және транзит әлеуетін қатар дамыту, инфрақұрылым құрылысының заманауи стандарттарын енгізу және көлік-логистика саласының экономикаға мультипликативті әсерін қамтамасыз ету мәселелеріне айрықша мән берілді. Кеңес қорытындысы бойынша Президент Үкіметке бірқатар нақты тапсырма берді.



Өңіраралық ынтымақтастық форумы шеңберінде қол қойылатын келісімдер мен бизнес келісімшарттары облыстарда ғана емес, екі ел экономикасының көптеген салаларында да мол әлеует бар екенін көрсетініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Ресей Президенті Владимир Путин Қазақстан астанасындағы бүгінгі кездесу екіжақты қатынастардың жайкүйі жөнінде пікір алмасып, келешекті бағамдауға жақсы мүмкіндік беретінін атап өтті. «Елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастар сенімді түрде әрі табысты дамып келеді. Оны, әлбетте, цифрлар айғылғап тұр. Біз жаңа ғана XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық отырысына қатыстық. Бұл – өте жақсы формат. Адамдар бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасап, жұмыс істейді, араласады әрі бұл әрдайым елеулі нәтиже береді. Осы жолы да солай боларына сенімдімін. Бұған қоса өте маңызды тақырып талданып отыр. Азық-түлік – кез келген қоғамның, мемлекеттің тыныс-тіршілігінің негізі. Елдеріміздің әлеуеті зор. Өз қажеттіліктерімізді ғана қамтамасыз етіп қана қоймай, жаһандық нарықтардағы көптеген серіктестерімізге де көмектесуге мүмкіндігіміз бар. Мәселе ынтымақтастығымыздың барлық артықшылығын пайдаланып, келешекте осы мүмкіндіктерді арттыруда ғана болып тұр. Арғы күні Ресей мен Қазақстан арасында XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 10 жыл толады. Бұл біздің көпжақты достық қарым-қатынасымызды дамытудың берік негізіне айналды» деді Владимир Путин.

Ресей Президенті екі мемлекеттің халықаралық аренадағы конструктивті ықпалдастығын, ЕАЭО, ҰҚШҰ, ТМД, БҰҰ және ШЫҰ аясындағы үйлесімді қарым-қатынасын жоғары баға-

сей президенттері халықаралық ахуалдың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасты.

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІС ІЛГЕРІЛЕЙДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин екі мемлекеттің ресми делегацияларының қатысуымен келіссөз өткізді. Мемлекет басшысының айтуынша, Ресей Президентінің Қазақстанға сапары екі ел арасындағы қарым-қатынасты дамыту перспективасын айқындау тұрғысынан ерекше мәнге ие. Бүгінде стратегиялық серіктестік және одақтастық рухындағы екіжақты ынтымақтастық барлық бағытта табысты дамып келеді. «Екі елдің даму жолдарын өз бетінше әрі дербес тандауы қос тарапқа кедергі келтірмейді, керісінше, бұл тең құқылы және өзара тиімді әріптестікті пайдалы жағын еселей түседі. Мұны Қазақстанда да, Ресейде де жақсы түсінеді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірлескен күш-жігердің арқасында Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара екі ел экономикаларының игілігі үшін белсенді жұмыс істеп жатқанына назар аударды. Мұның нақты пайдасын шекара маңындағы өңірлерде тұратын 25 миллионға жуық адам сезініп отыр. «Ғасырлар бойы бір-бірімен қоныссыз өмір сүрген ата-бабаларымыз достық, сенім мен тату көршілік қарым-қатынастың мызғымас құндылықтарын бізге аманат етті. Біз бұл құндылықтарды сақтап, келесі ұрпаққа жеткізіміз керек» деді Президент.

Келіссөз барысында тараптар екіжақты экономикалық күн тәртібінің негізгі аспектілерін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ алдағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындап, денсаулық сақтау, энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы, спорт және тағы да басқа салалардағы ықпалдас-

ры технология, машина жасау, химия өнеркәсібі, өнеркәсіптік өндіріс сияқты салалар ынтымақтастығымыздың басым бағыттарына айналуда тиіс деп санады. Кездесу соңында президенттер Қазақстан мен Ресей арасындағы көпжақты қатынастарды нығайтуға және Еуразия кеңістігіндегі интеграциялық үдерістерді ілгерілетуге қос тарап та бейілді екенін растады.

УАҒДАЛАСТЫҚТАР ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫСЫН ЖАҚСАРТАДЫ

Екіжақты келіссөздер аяқталғаннан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін бірлескен мәлімдеме жасады.

Қазақстан Президенті ХХІ ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шарттың 10 жылдығы қарсаңында өтіп жатқан Ресей Президентінің ресми сапарының мән-маңызы айрықша екенін атап өтті. «Ресей – Қазақстанның стратегиялық серіктесі және одақтасы. Ортақ тарихқа, берік достыққа, өзара құрмет пен сенімнің мызғымас құндылықтарына сүйене отырып, біз көптеген сала бойынша өзара мүддені жүзеге асырудың айқын дәлелі саналатын мемлекетаралық қатынасты жолға қойдық. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қазақстан Ресеймен арадағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды көздейтін стратегиялық бағытқа бейілді екенін растағым келеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, келіссөздер барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастыққа ерекше мән берілді. «Ресей Қазақстанның ірі сауда-экономикалық серіктесі мәртебесін сенімді түрде сақтап келеді. Соңғы үш жылда елдеріміз арасындағы өзара сауда көлемі 30



ЖЕТИ МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

Астанада мектепке деген сұранысты жыл өткен сайын сезінудеміз. Қазір 8 мектеп үш ауысыммен оқыса, 16-ында тығыздық мәселесі сақталуда. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәселені шешуге белсенді кірісіп, биылғы оқу жылында ашылатын мектептерді аралап көрді.

– Инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандарды салу жұмысын жалғастырамыз. Мәселен, осы оқу жылында тағы 7 мектеп ашамыз. Аталған оқу орындарының құрылыс барысымен таныстым. Бұл мектептер Қарасай батыр мен Бұлантай көшелерінің қиылысында, Тұран даңғылы мен №24 көшенің қиылысында орналасқан. Сол сияқты қолданыстағы мектептердің аумағына жаңа ғимараттар салынады: Кирпичный елді мекенінде, Тархан көшесі, 16, Таха Хусейн көшесі, 5/1, Қарқабат көшесі, 17, Қабанбай батыр даңғылы, 9,1 мекенжайларында. Осыған дейін – оқу жылының басында 4 мектеп ашылған болатын, – деді қала әкімі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елордада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы іске асырылуда. Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек бұл туралы да айтты.

– Жоба аясында 2024-2025 жылдары 24 жайлы мектеп салынады. Олар 90 мыңға жуық оқушы орнын (2 ауысымды) ашуға мүмкіндік береді. Олардың 15-і Есіл мен Нұра аудандарында орналасады. Дәл қазір бұл аудандарда мектептерге деген аса қажеттілік бар, – деді ол.

2027 жылға дейін бас-аяғы 180 мыңға жуық оқушы орнына (2 ауысымда) арналған 65 мектеп салынады. Бұл шаралар мектептерге шамадан тыс түсетін жүктеменің қазіргі қиындығын ғана емес, болашақта орын тапшылығы мәселесін шешеді. Оқу орындары қаланың барлық ауданын, оның ішінде елді мекендерді де қамтиды.



ЖАҢА ҒИМАРАТ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

Алматы ауданындағы №44 мектептің жанынан 540 орынға арналған жаңа ғимарат ашылды. Іс-шара білім ордасының жарты ғасырлық мерейтойына тұспа-тұс келді.

Іс-шараға қалалық мәслихат депутаттары, білім саласының мамандары мен аудан тұрғындары қатысты.

– 1972 жылы 640 орынға арналған мектеп есігін ашты. Елорданың халық саны жыл сайын көбейіп, мектепке қажеттілік артты. Осыны ескеріп, 2000 жылдардан қала басшыларына өтініш білдіре бастадым. Осы арманым іске асуында шаһар басшысы Жеңіс Қасымбек қамқорлық танытты. «НАК» құрылыс компаниясының басшысы Серік Қасымбеков берекелі іске дем берді. Ел деген азаматтарға алғыс білдіремін, – деп ағынан жарылды ашылу салтанатында Майра Қоразова.

Бүгінде мектепте 1027 оқушы екі ауысымда оқиды. Әрине, шәкірттердің

сапалы білім алуы үшін кең де жарық ғимаратқа сұраныс бар. Сондықтан мектептің қосымша ғимараты ашылуы, оқушыларға сапалы білім берудің бір тетігі деп қабылдадық.

Қалалық білім басқармасы Жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімінің басшысы Асыл Аманкельдиева:

– Білім ордасы сапалы білім беру тұрғысынан кемшін емес болатын, бірақ екі ауысымда өткізілетін оқу процесінде қиыншылықтар болғаны шындық. Сондықтан болар, қала әкімдігі аудан тұрғындарының сұранысын жерге тастамай жергілікті бюджеттен қаржы бөліп, уақыт талабына сай ғимаратты салдырды.

Ғимарат Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының талаптарына сай салынды. Енді мектептің бұрынғы ғимаратында бастауыш сынып оқушылары білім алса, жаңа ғимаратта жоғарғы сыныпқа арналады, – деді.

Мектеп директоры Ләззат Құлтаева қонақтарды мектептің жаңа ғимаратымен танысуға шақырды. Химия, физика, биология кабинетінде тәжірибелік сабақ өткізуге ыңғайлы етіп құрылыпты. Бастысы, қыз балаларға арналған тігін және аспаздық кабинеті, ұлдарға арналған шеберхана бар. 570 шаршы метрді қамтитын спорт зал, ауқымды кітапхана, асхана қосылыпты.

Манап ӘДІРЕШЕВ,
Қалалық Ардагерлер кеңесінің медиаторының мүшесі

ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ІРІКТЕЛЕДІ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік секторға таланттар пулын іздеу және тарту мақсатында «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебіне» іріктеу жұмыстарын жүргізді.



**Индира
БЕРЖАНОВА**

– Дарынды, талантты және белсенді жастарды мемлекеттік қызметке

жұмысқа тарту мақсатында «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасы іске асырылып жатыр. Жастар үшін бұл жобаның берері мол. Мәселен, ЖОО-да оқып жүрген жастар

осы жобаның көмегімен мемлекеттік қызмет саласына қатысты пайдалы ақпараттарды біліп, қызметтің жауапкершілік жүгін сезінетін болады, – деді Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің бас маманы Әбдіқар Сламқұл.

Астана қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары мен жоғары оқу орындарының бітіруші түлектерінен 90-нан астам өтінім түсіп, олар мамандықтарына сәйкес бағыттарға бөлінді.

Жобаның екінші кезеңі «Эссе жазу» Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қабырғасында өтті. Бұл кезеңде қатысушылар тақырыптар тізбесіне сәйкес көлемі 500 сөзден аспайтын эссе жазып, өз білімін сынады. Бұл кезеңнен сүрінбей өткен жоба қатысушылары келесі кезеңге өтеді. Үшінші кезең Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және оның филиалдарында дайындық бағдарламасынан өту мен өндірістік тәжірибе кезінде таныстыратын жоба әзірлеу бойынша жүргізіледі.

АСТАНА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА! ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫ!

Астана қаласының мәслихаты 2023 жылғы желтоқсанның екінші онкүндігінде «Астана қаласында тұрғын үй алаптарын дамытудың кешенді жоспарларын орындау туралы».

Кезекті сессияның қарауына енгізілетін мәселе бойынша сіздің ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды Астана қаласы мәслихатының аппаратына 55-66-37, 55-66-31 телефондары және astana@maslihat01.kz электрондық поштасы арқылы хабарлауды сұраймыз.

Е. КАНАЛИМОВ,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЛАСЫ

Парламент Сенатында Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру аясында «Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту» тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтті. Жиынға бейнеконференциялық байланыс арқылы Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен мен қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов қатысты.

Елорда мәслихаты төрағасының мәліметінше, бас қалада жыл сайын шағын және орта бизнес көрсеткіштерінің өсуі байқалады. Астанада 228 мыңға жуық шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейді. Жалпы бұл салада 500 мың адам еңбек етеді.

Бұл – елорданың экономикалық белсенді халқының 73 пайызы. Кәсіпкерлерді қолдау үшін қалалық мәслихаттың VIII шақырылымы жұмысын бастағанда Салық кодексіне

сәйкес елорда аумағында бөлшек салық мөлшерлемесін төмендету бойынша жұмыс жүргізді. Астана мәслихатының шешімімен бөлшек салық ставкасы 4%-дан 3%-ға дейін төмендетілді. Кәсіпкерлік Кодекске сәйкес осы тізімге кірген кәсіпкерлерге болашақта салықтық жеңілдіктер беріледі. Астана қаласы бойынша тізімге барлығы 58 әлеуметтік кәсіпкер енгізілді. Соның оның ішінде 2023 жылы – 37 жаңа субъект.

ІЗДЕГЕНГЕ ЖҰМЫС БАР

Елордадағы Жастар сарайында кезекті бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті. «Еңбек мобильділігі орталығы» ұйымдастырған жәрмеңкеге 80-ге жуық жұмыс беруші қатысып, 700-ден астам бос жұмыс орнын ұсынды.



**Индира
БЕРЖАНОВА**

Жұмыссыз азаматтарды, пробация қызметінде есепте тұрған адамдарды, NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесуде бос жұмыс орындары жәрмеңкесі тиімді. Мұнда құрылыс, білім, медицина, сауда, көлік-логистика, қаржы саласының компания өкілдері келіп, кәсіпорының мүмкіндігін таныстырып, білікті кадрларды алуға мүмкіндігі бар.

«Биыл жыл басынан бері Мансап орталығының бастамасымен 8 ірі жалпықалалық бос орындар жәрмеңкесі өткізілді. Бүгінгі ірі жәрмеңке – биылғы соңғы іс-шара. Қалада 27 шағын бос орындар жәрмеңкесі де өтеді. Жыл соңына дейін сондай 3 жәрмеңкені ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бұл жолғы іс-шараға 78 компания 773 вакансия ұсынды. Мұнда жұмыс орындары ішінде қызмет көрсету саласында бос жұмыс орны басым. Жәрмеңке жұмыс беруші мен жұмыс іздеп жүрген адамға үлкен мүмкіндік береді. Қажетті жұмыс іздеп жүрген адам өзінің түйіндемесін бірнеше жұмыс берушіге ұсынып, тікелей тілдесе, жұмыс беруші де жәрмеңке кезінде өздеріне қажетті мамандарын тез табады» деді Мансап орталығының басшысы Бағила Орынбетова.

Жәрмеңкеде жұмыс ұсынған компания өкілдері қатарында «Отбасы банк» АҚ, «Центр ипотеки Астана» ЖШС, «QazaqZher» ЖШС, «Астана Тазалық» ЖШС, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Clean City NC» ЖШС, «Астық Логистик» ЖШС, «Magnum» сауда желісі, сондай-ақ қалалық білім беру ұйымдары және басқа да көптеген жұмыс беруші компаниялар қатысты. Солардың қатарында Астана қаласының Полиция департаменті бар. Полиция қызметкері Рүстем Болатов жұмыс іздеушілерге ішкі істер

орғандарына қызметке кіру тәртібі, сондай-ақ материалдық қамтамасыз ету және әлеуметтік кепілдіктер туралы барлық қажетті ақпарат берілетінін айтты.

«Бос орындар жәрмеңкесіне Полиция департаменті тұрақты түрде қатысып келеді. Негізінен, бос орындар полиция қызметкері, жүргізуші, патрульдік полицией, жылдам қимылдайтын арнайы жасаққа іріктеу жүргізілуде. Қалалықтар арасында бұл қызметке орналасуға сұраныс көп. Негізгі ескерілетін талаптардың қатарында жұмыс іздеушінің жасы 35-тен аспауы тиіс, орта арнаулы немесе жоғары білімінің болуы қажет. Мемлекеттік қызметтен тестен және арнайы медициналық тексерістен өтіп, дене шынықтыру бойынша сынақтарды тапсырғандар жұмысқа қабылданады» деді ол.

Өз түйіндемесін ұсынғандар арасында жастардың дені басым болды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің туризм және сервистік қызмет көрсету мамандығының бойынша оқып жүрген Жалғас Абылайхан былай деді:

«Осы жылы бітіруші түлек болғаннан кейін, жұмысты, біріншіден, өз мамандығым бойынша қарастырып жатырмын. Яғни қызмет көрсету саласындағы жұмыс өзіме қызық. Бірнеше компанияға өзімді ұсындым. Жастарға арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне осыған дейін де қатыстым».

Жәрмеңке барысында «Еңбек мобильділігі орталығының» мамандары «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс», «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламалар кәсіптік оқыту және «enbek.kz» порталымен жұмыс істеу бойынша кеңес беру, қайта даярлау, жұмыс іздеу технологиясы және қосымша кәсіби білім беру мүмкіндіктері туралы кеңес берілді.

БАС ҚАЛАДА ОСЫ ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА 83 ЖАСӨСПІРІМ СУИЦИД ЖАСАУҒА ӘРЕКЕТТЕНГЕН. БҮЛ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ СӘЙКЕС КЕЗЕҢІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 12 ЖАҒДАЙҒА КӨП

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

Жоғарыда келтірілген сандар – ресми статистика. Бұл статистикамен отырыста баяндама жасаған қаладағы мемлекеттік органдардың басшылары таныстырып, жасөспірімдер суицидін алдын алу бағытындағы жұмысы туралы айтты. Алғашқы сөзді алған Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыевтың айтуынша, суицидтің басты себептері – отбасындағы жанжал, жасөспірімдердің достарымен, сыныптастарымен, ортасымен жанжал, психикалық ауытқу, депрессия.


– Осыған байланысты Астана қаласының 2023-2025 жылдарға арналған балаларды зорлық-зомбылықтан, суицидтен қорғау және олардың құқығы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету туралы ведомстволық жоспар әзірленді. Өткен қазан айынан бастап қаланың 5 ауданында ата-аналар мен оқушыларға тегін консультациялық көмек көрсету кабинеттері ашылды. Бұл кабинеттерде диагностикалық түзетуді дамыту, консультациялық, психопрофилактикалық қызметтер көрсетіледі. Өткен айда, бір айдың ішінде суицидтік мінез көрсеткен 28 бала мен 35 ата-анаға кеңес берілді. Психологтар тиісті жұмыс жүргізіп, балаларды бақылауына алды. Осылардың ішінде 5-еуі – ерекше білімді қажет ететін балалар, – дейді Қасымхан Сенғазыев.

Оның мәлімдеуінше, мектептер мен колледждерде прокуратурамен бірлесіп, QR-коды бар ақпараттық тақтайшалар орнатылды. Бұл тақтайшалар оқушылар мен ата-аналарға өздерін мазалайтын сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік береді.

– Жаңа оқу жылынан бастап барлық білім беру ошағында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары жұмысын бастады. Өткен екі айда ата-аналармен 162 іс-шара өткізілді. Педагогтар әдістемелік жұмыстарды жүргізді. Оның 85 пайызы әлеуметтік желілерде жарияланды, – дейді басқарма басшысы.

Оның айтуынша, аталмыш басқарма жанында жедел әрекет ету тобы жұмыс істейді. Бұл топ құрамына қалалық психологиялық денсаулық орталығының дәрігерлері, суицидолог пен психолог, білім беру және ювеналдық полиция мамандары кірді. Осы топ биылғы 9 айда 31 отырыс өткізді. Биылғы қыркүйек айынан бастап өзіне-өзі қол жұмсау және буллинг мәселелерін алдын алу бойынша Финляндияның Турку университетімен келіссөз басталды. Алдағы уақытта басқарма мамандарын осы елге іссапарға жіберіп, аталмыш жоғары оқу орнымен ынтымақтастық орнатылмақ.

– Турку университеті – жастар арасында психологиялық, суицидтік жағдайлардың алдын алу бойынша әлемдегі озық оқу орнының бірі. Финляндияның «Kiva» деген бағдарламасы да бар. Мұны енгізу бойынша қазір Назарбаев зияткерлік мектептерімен ынтымақтастық жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұдан бөлек, былтырғы оқу жылынан бастап жаһандық құзыреттілік курстары енгізілді. Бұл – 5-сыныптарға арналған парасат және этика, азаматтық және патриотизм, тіршілік қауіпсіздігі туралы бес



ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ СУИЦИДТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?



бөлімнен тұратын курс. 9-сыныптарда зайырлық және дінтану курстары оқытылады, – дейді Қасымхан Сенғазыев. Басқарма басшысы 2022 жылдан бастап қалалық Ішкі істер департаментімен бірге қауіпсіздік сағаты жүргізіліп жатқанын атап өтті. Осы жоба 10 мыңнан астам ата-ананы қамтып, 27 мектеп пен 6 колледжде іс-шаралар өткізілді. – Білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бойынша да жұмыс жүргізіліп жатыр. Биылғы сәуір айынан бастап 506 қызметкер «Кәметке толмаған» дар арасында суицид пен зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында біліктілік курсынан өтті. Ағымдағы оқу жылында мектептерде «Құндылықтарға негізделген білім» жобасын енгізіп жатырмыз. Осыған байланысты елорданың

15 мектебі мен 1 колледжінің оқу-тәрбие процесіне тиімді енгізу үшін педагогтарға курстар ұйымдастырылды. Алдағы уақытта да осы жобаны қаланың тағы 12 мектебіне енгізу жоспарланған, – дейді Қасымхан Сенғазыев.

Оның айтуынша, балалардың денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттардан қорғау мақсатында бірқатар профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде. Барлық білім беру мекемесінде интернетке қолжетімділікті шектеу жүйесі толығымен орнатылды. Басқарма басшысы «Құндылықтарға негізделген білім» жобасына және Назарбаев зияткерлік мектебімен бірге жүзеге асып жатқан «Берік отбасы» жобасына қаланың келесі жылғы бюджетінен 380 млн теңге сұрайтынын жеткізді.

Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемованың мәліметінше, суицидке көбінесе қыздар барады. Олардың саны жасөспірімдер арасында 81,3 пайызды құрайды. Ал жасқа шаққанда 15-17 жасар балалардың өз-өзіне қол жұмсау әрекеті – 69,4 пайыз. Соның ішінде мектеп оқушылары – 58,7 пайыз, студенттер – 40 пайыз, еш жерде оқымайтындар – 0,3 пайыз.



Қазан айынан бастап қаланың 5 ауданында ата-аналар мен оқушыларға тегін консультациялық көмек көрсету кабинеттері ашылды. Бұл кабинеттерде диагностикалық түзетуді дамыту, консультациялық, психопрофилактикалық қызметтер көрсетіледі. Өткен айда, бір айдың ішінде суицидтік мінез көрсеткен 28 бала мен 35 ата-анаға кеңес берілді

Елімізде жасөспірімдер арасында суицид жағдайы жиілеп кетті. Мәселен, Астананың өзінде соңғы 5 жылда кәметке толмаған балалардың өз-өзіне қол жұмсаудың 429 әрекеті тіркелді. Соның ішінде бас қалада осы жылдың 9 айында 83 жасөспірім суицид жасауға әрекеттенген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12 жағдайға көп, яғни былтыр осындай 71 оқиға тіркелген. Өкінішке қарай, биыл өз-өзіне қол жұмсаған 8 жасөспірім қайтыс болды. Осы жағдай Астана қаласы мәслихатының депутаттарын да алаңдатып, мәслихатта «Жасөспірімдер суицидін алдын алу» тақырыбында көпшілік тыңдау өтті.

пікірінше, қалада мектеп психологтары жетіспейді. Оның айтуынша, стандарт бойынша 1 осындай маманға 300 бала келуі керек. Ал қазір қалада үш ауысымдық мектептер де бар. Осы орайда депутат психологтар көбінесе ме, олардың балалармен, ата-аналармен жұмысқа арналған әдістемесі бар ма деп сұрады. Қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев мектеп психологтарының тапшылығын мойындай келе, әр мектепте 2-3 психологтан жұмыс істейтінін, жүктеме өте жоғары екенін айтты.



Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов өз тарапынан бұл күрделі мәселеге жүйелі түрде қарау керектігін атап өтті.

– Бұл мәселенің артында баланың тағдыры мен өмірі, отбасының жағдайы жатыр. Осы жерде бірнеше мемлекеттік орган басшылары баяндама жасады. Негізі, осы мәселемен айналысатын бір ғана мекемені

СУИЦИДКЕ КӨБІНЕСЕ ҚЫЗДАР БАРАДЫ. ОЛАРДЫҢ САНЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА 81,3 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАЙДЫ. АЛ ЖАСҚА ШАҚҚАНДА 15-17 ЖАСАР БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗ-ӨЗІНЕ ҚОЛ ЖҰМСАУ ӘРЕКЕТІ – 69,4 ПАЙЫЗ. СОНЫҢ ІШІНДЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ – 58,7 ПАЙЫЗ, СТУДЕНТТЕР – 40 ПАЙЫЗ, ЕШ ЖЕРДЕ ОҚЫМАЙТЫНДАР – 0,3 ПАЙЫЗ

– Жасөспірімдердің көбі дәрі ішіп (57,8 пайыз) суицидке барады. Өзін-өзі өткір заттармен жарақаттау – 18,1 пайыз, биіктен құлау – 15,7 пайыз, дарға асылу – 3,6 пайыз, – дейді Әлия Рүстемова.

Қаланың бас дәрігері №3 қалалық емханада балаларға жедел психологиялық көмек көрсетуге арналған кабинеттер бар екенін атап өтті. Онда балалар суицидологы жұмыс істейді. Ал №4 қалалық емханада ересектерге қызмет көрсететін психотерапевт дәрігер-суицидолог отырады. Қалалық психикалық денсаулық орталығында «сенім телефоны» 24/7 режимінде қызмет көрсетеді. Бұл телефонға осы жылдың 9 айында 442 қоңырау түскен. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл 3 есе көп.

Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаровтың пікірінше, жасөспірімдер өз-өзіне қол жұмсауға нашақорлық пен лудоманиядан да барады. Аталмыш басқарма бұл «заман дерттерін» алдын алу үшін тиісті жоспарларды әзірледі. Соның ішінде «Есірткіге жол жоқ» жобасы, салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған «Болашаққа жол», «Отбасы – бақыт мекені», «Кибер-волонтер» жобалары жүзеге асырылып жатыр.

– Қазір – ақпарат заманы. Жастардың көңілін аулау үшін блогерлер мен танымал тұлғаларды тартып, жұмысты жалғастырып отырмыз, – дейді Қайрат Қамбаров.

Қалалық мәслихат депутаты Салтанат Женалаеваның

белгілеу керек. Олай жасамаған жағдайда, еш нәтиже шықпайды. Әйтпесе мәселе туындағанда әр мекеменің бір-біріне сілтеу жағдайы жиі кездеседі. Талай «дөңгелек үстел» мәжілістерін, отырыстарды, семинарларды, тренингтерді, басқа да іс-шараларды өткізіп жатамыз. Жыл ішінде осындай 300 іс-шара өтеді екен. Бірақ нәтиже бар ма? Статистика өскен сайын өсе түсуде. Бұл мәселені сараптау жоқ. Біз осы уақытқа дейін мәселенің өзімен емес, оның салдарымен күресуді жалғастырып жатырмыз. Қалалай дағдарыс орталығы немесе басқа құрылым болсын, тек осы өзекті мәселемен айналысатын бір-бірімен бірге қажет, – деген Ерлан Каналимов соңғы бес жылда суицид жағдайы 5 есе төмендеген Жапония үлгісін зерттеу керектігіне назар аударды.

Оның пікірінше, көптеген ата-ана балаларына тібісі көңіл бөлмей, олардың отбасынан тыс өміріне қызығушылық танытпайды, ата-аналар жиналысына қатыспайды. Ал сынып жетекшілерінің біразы оқушылардың ата-аналарымен тек мессенджерлердегі чаттар арқылы байланысады.

Елорда мәслихаты алдағы уақытта бұл мәселемен түбегейлі айналыспақ. Мәслихат төрағасының мәлімдеуінше, келесі аптада уәкілетті органдардың өкілдері депутаттармен бірлесіп, өз-өзіне қол жұмсау себептерін алдын алу әдістерін анықтауға және астана мектептеріндегі проблемаларды егжей-тегжейлі талдауға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарын әзірлеуді бастайды.

#КЕРЕККЕҢЕС

ЖАСТАР ҚАЛАЙ БАСПАНАЛЫ БОЛА АЛАДЫ?

Астанада «Жұмыс істейтін жастарға сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы бойынша құжаттар қабылдау басталды. Оған кімдер қатыса алады? Оның шарты қандай? Бұл туралы Астана қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй қоры» КММ директорының орынбасары Дәулет РАХИМГУЛОВ түсіндіріп берді.



«Жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы №318 бұйрығымен бекітілген жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйді беру қағидаларына сәйкес іске асады.

Өтініштерді қабылдау 6 қараша күні сағат 9:00-де басталған болатын. Ол 12 қараша сағат 23:59-ға дейін жалғасады. Құжаттар тек qatysu.zhilfond.kz порталы арқылы электронды түрде қабылданады.

КІМДЕР ҚАТЫСА АЛАДЫ?

Бағдарлама жастарға жеке тұрғын үй сатып алуға жәрдемдесу мақсатында әзірленді. Оған төмендегі азаматтар қатыса алады:

- 35 жасқа толмаған (34 жасты қоса алғанда) Қазақстан Республикасының азаматы;
- аяқталған орта/орта-арнайы/жоғары/жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар және ресми жұмыс істейтін жастар;
- Астана қаласында өтініш бергенге дейін соңғы 3 жылдан кем емес тұрақты тіркеуі бар тұлға.
- Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің (жұбайы/балалары болған жағдайда) Астана қаласында тұрақты тіркеуі болуы шарт. Бағдарламаға қатысушыда және отбасының барлық мүшесінде Қазақстан Республикасы бойынша меншік құқығындағы тұрғын үйі, сондай-ақ өтініш берген кезде соңғы 5 жыл ішінде сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйі болмауы тиіс.
- Сондай-ақ өтініш беруші соңғы 6 айдағы төлем қабілетін растауы керек. Бұл ретте бағдарламаға қатысушының ай сайынғы табысы кемінде 40 АЕК/көмінде 138000 теңге болуы шарт.
- Жалдау мерзімі ішінде жалдамалы тұрғын үй алған жұмыс істейтін жастар кейіннен нарықта өз үйін сатып алу үшін бастапқы жарнаға жинақ жүргізеді. Жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін босатылған тұрғын үй келесі үміткерлерге беріледі.

ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

Өтініш беруші уәкілетті органға төмендегі құжаттарды ұсынады:

- өзінің және отбасы мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері (түпнұсқа жеке басын сәйкестендіру үшін ұсынылады);
 - білімі туралы құжаттың көшірмесі;
 - неке қию туралы куәліктің көшірмесі (болса);
 - балалардың туу туралы куәлігінің көшірмесі (болса);
 - өтініш беруші мен оның отбасы мүшелерінің атында жылжымайтын мүліктің жоғы туралы анықтама;
 - жұмыс орнынан анықтама;
 - соңғы 6 айдағы табысы туралы анықтама: табысы 40 АЕК-тен (138000 теңге) кем болмауы және 150 АЕК-тен (517500 теңге) аспауы тиіс.
 - еңбек өтілін растайтын құжаттар;
 - банкте есепшотының болуы және нөмірі туралы анықтама, оған қоса банктегі шоты бойынша ақшаның қалдығы және қозғалысы туралы үзінді-көшірме;
 - өтініш берушінің түрлі қызмет саласындағы жеке жетістігін растайтын құжаттар (болса);
 - соңғы 6 айдағы жеке зейнетақы шотынан үзінді-көшірме;
 - жеке кәсіпкер болса, жеке кәсіпкер ретінде тіркелгені туралы хабарлама (куәлік);
 - жеке кәсіпкер ретіндегі қызметтің соңғы жылындағы табыс салығы бойынша декларация.
- Қажет болған жағдайда, уәкілетті орган өтініш беруші және оның отбасы мүшелері туралы мәліметтерді нақтылау үшін қосымша құжаттарды сұратады. Өтініш пен құжаттар уәкілетті органға мемлекеттік органдардың интернет-ресурсының бірыңғай платформасы арқылы беріледі.

ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ?

Биыл бағдарлама шартына ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің құзыретті органы бірнеше өзгеріс енгізді. Олар мыналар:

– бағдарламаға қатысушылардың жасы 29 жастан 34 жасқа дейін ұлғайды;

– жалға берілетін тұрғын үйді беру мерзімі 5 жылдан 3 жылға дейін қысқарды.

ҰПАЙ ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕЛДІ?

Қатысушыларды іріктеу ұпай жүйесі бойынша жүзеге асады. Ұпайлар тең болған кезде өтініш берген күні бойынша ертерек және жасы үлкен өтініш беруші артықшылыққа ие болады. Бөлінетін тұрғын үйдің жалпы ауданын айқындау конкурсы қорытындысы бойынша қойылған ұпайлар және өтініш берушідегі балалар саны (бар болса) негізінде жүзеге асады. Ұпай тең түссе, өтінімді бұрынырақ тапсырған үміткерлерге артықшылық беріледі. Бұрын некеде тіркелген әрбір жыл үшін 2 ұпай берілетін. Жобаның соңғы нұсқасында бұл жоқ.

ПӘТЕР АУДАНЫ ҚАЛАЙ АНЫҚТАЛАДЫ?

Жолдама алған жастарға бөлінетін тұрғын үйдің жалпы ауданы конкурсы қорытындысы бойынша қойылған ұпайлар және өтініш беруші балаларының саны бойынша айқындалады. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйдің:

- * 60 пайызы некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) өтініш берушілерге беріледі;
- * 40 пайызы некеде тұрмаған (ерлі-зайыпты болмаған) өтініш берушілерге беріледі.

Өтініміңіздің статусы туралы ақпаратты qatysu.zhilfond.kz порталындағы жеке кабинетіңіз арқылы телефоныңызға SMS-хабарлама келгеннен кейін таныса аласыз.

Жұмыс істейтін жастарға арналған бағдарламаға қатысты барлық сұрақ бойынша «109» call-орталығына (ұялы телефоннан тегін), 8-776-198-29-70 (WhatsApp) нөмірі бойынша немесе Астана қаласы, Республика даңғылы, 32 мекенжайы бойынша хабарласыңыз.

Дайындаған
Гүлбаршын ВКЕШҚЫЗЫ

Мектептегі оқу бағдарламасынан бөлек, қосымша білім мен өнерді үйретудің бала тәрбиесіндегі рөлі зор. Қазіргі таңда елімізде мыңдаған тегін және ақылы үйірме жұмыс істеп, балалардың ерте жастан сан түрлі өнерді меңгеруіне септік етуде. Астана қаласындағы №59 мектеп-лицейінде 9 жылдан бері жұмыс істейтін би үйірмесі де соның бірі. Ашылғалы бері үйірме жетекшісі Әлия МОШАНОВА оқушыларды сұлу өнердің сырлы әлеміне жетелеуде ерінбей-жалықпай ұстаздық етіп келеді.

БАЛАЛАРДЫ БИГЕ БАУЛИДЫ

Райхан РАХМЕТОВА

25 жылдық тәжірибесі бар жоғары санатты педагог-хореографтың мектеп ғимаратына кіргеннен кешке шыққанға дейін талмай үйрететін би өнеріне оқушылар тарапынан қызығушылық басым. Үйірме қатысушыларынан құралған «Гүлшашу» ансамблі талай-талай республикалық және халықаралық өнер байқауында жеңімпаз атанып, мектептің атын асқақтата түскен. Сондықтан үйірменің жұмысына оқу орны бастылығы тарапынан қашанда қолдау көрсетіледі. Қазір үйірмеге мектептің 1-11-сыныптарынан 80 қыз бала 7 топқа бөлініп қатысып, түрлі ұлттың биін кәсіби тұрғыда үйренуге машықтанады.

– Жолдасым әскери адам болғандықтан Қазақстанның барлық қаласына көшіп-қонып, соңғы 9 жылда Астана қаласына тұрақтадық. Бұған дейін сол барған облыстардың бәрінде би үйірмесін ашып, балаларды осы өнерге үйреттім. Негізінен, қыз балаларды ғана қабылдаймын. Аптасына 3 рет қатысады. Жылына 1-2 би қоямыз. Түрлі байқауға қатысамыз, мектеп ішіндегі мерекелік жиындарда өнер көрсетеміз, есептік концерттімізді қоямыз. Бұған дейін Ресей, Өзбекстан, Болгария елдеріндегі жарыстарда бас жүлде алдық, балалардың деңгейі өте жоғары, – дейді биші ұстаз.

Елуден асса да өңін бермей, үш баласы болса да, сымбатын сақтаған бишінің бар өмірі мектептегі осы жұмысына бағытталған. Өнерді сүйген көңілі оны басқа бір театрларда жұмыс істеу немесе қосымша бір табыс көзін ойлауға бет бұрғызбай, тек балаларды биге баулуды ғана асыл ниетіне айналдырған.



ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Жекеменшік мектеп «Tamos Space School («Тамос Спейс Скул»)» ЖШС, БСН 190740007435, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады.

Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58, сайт: www.fincen.kz

Астана қаласы әкімдігінің «Көпсалалы медициналық орталық» ШЖҚ МКҚ, БСН 010140002010, жарғылық капиталдың азавы туралы хабарлайды. Шағындар Астана қаласы, Манас көшесі, 17 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде қабылданады.

МАЙЛЫ ҚИЯН ӘН-ЖЫРЫНЫҢ САЛТАНАТЫ

«Маңғыстаудан мың сәлем, Алаш төрі!» атауымен өткен майлы қиян елінің Астана қаласындағы мәдени күндері «Мерейлі мекен – мұнаралы Маңғыстау» атты ән-жыр кешімен түйінделді.



Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония сахнасында өткен концерт Абыл Тарақұлы атындағы қазақ оркестрінің (көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рахат Мадреев) «Мереке думан» шығармасымен ашылды. Халықаралық және республикалық байқаулардың

лауреаттары, «Жорға» би ансамблі, «Ақшағыл» этно-фольклорлық ансамблі, Мұрат Өскінбаев атындағы Маңғыстау облыстық филармония өнерпаздары, маңғыстаулық танымал эстрада және дәстүрлі әншілер өнер көрсетті. Жалпы 100-ге тарта өнерпаз өз өнерімен елорда тұрғындары мен қонақтарының ыстық ықыласына бөленді.

«Биыл – киелі түбек Маңғыстау облысына 50 жыл. Ал Ақтауға – 60 жыл. Осы мерекемен сіздерді шын жүректен құттықтаймын! Маңғыстау өңірінің мәдени күндері елорда тұрғындарына үлкен сый деп санаймыз. Киелі Маңғыстау – ақындар дүниеге келген қасиетті өңір. Оның топырағы, тауы, шатқалы, теңізі көне тарихтан сыр шертеді. Маңғыстау облысы гүлденіп, өркендей берсін!» деді концертке қатысқан Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Сондай-ақ Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Ақиық өлке, алғи жыр» әдеби-сазды кеші өтті. Онда маңғыстаулық жас ақындар Әнуар Бимағамбет, Асылбек Жаңбырбай, Алтынбек Әлібаев, Тілеген Әли, Жұмағұл Мұрсал, Ислам Қабылұлы өлең оқыды. Осы өңірден шыққан көрнекті ақын, аудармашы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Светқали Нұржан да сахнаға көтеріліп, жыр-дан шашу шашты. Әлия Қарамұхан, Айгүл Құбаш, Равхат Ізден секілді әнші-күйшілер кешті ән-күймен көркемдеді.

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР ӘУЕЛЕДІ

Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жас сарбаз – патриоттар мекені» жобасы аясында әскери-патриоттық ән байқауы қорытындыланды.



ҚР Қарулы күштерінің 31 жылдығына орай ұйымдастырылған

іс-шараға Қорғаныс министрлігінің, қалалық Жастар саясаты мәселелері

басқармасының өкілдері, «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» РҚБ төрағасы Мейірбек Мендіғалиев, «Жас сарбаз» қалалық филиалының басшысы Асхат Налшыбек қатысты. Байқаудың бас жүлдесі №42 орта мектептің оқушысы Толғанай Мұқатайға берілді. Бірінші орынды №49 мектеп-гимназия оқушысы Тәңірберген Мұқашев жеңіп алды. Екінші орынды №37 мектеп-лицейден «Жас екпін» ансамблі, үшінші орынды педагогика колледжінен Диас Мәлс алды.

Ал «Жас сарбаз» жұлдызы» аталымын А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты колледжінің «Жас қыран» тобы жеңіп алды. №72 мектеп-лицейден қатысқан Әдел Күнәділова «Үздік авторлық орындау» аталымында топ жарды. №80 мектеп-гимназияның оқушысы Айсұлтан Рахметолла көрермендер көзайымына айналды.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Жуырда Астанадағы Сәкен Сейфуллин музейінің 35 жылдығына орай белгілі қылқалам шебері, Қазақстан Суретшілер және Дизайнерлер одақтарының мүшесі, Қазақ ұлттық өнер университетінің доценті Мұхтар Байбосынмен кездесу өтіп, оның «Сәкен азат жолында» атты картинасының тұсаукесері өтті.

ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Кездесу басында қатысушыларға суретшінің өнері, бейнелеу өнеріндегі бағыттары таныстырылды. Мұхтар Байбосын – қылқаламы арқылы қазақ мәдениетін, тарихи тұлғаларды, кешегі өткен ақындар мен жазушыларды, халық композиторларын, сал-серілерді насихаттап жүрген өнер иесі. Мұнда әкесі, әйгілі әнші, Қазақстанның халық әртісі Қайрат Байбосыновтың әсері, бала кезінен естіп келе жатқан әңгімелері мен оқыған кітаптарының әсері жоқ емес.

Тұсаукесерді аталмыш музейдің директоры, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов кіріспе сөзбен ашып берді. Кездесу суретшімен сұхбатқа ұласты. Мұхтар Қайратұлына неше жастан бастап сурет салғаны, қанша туындысы бары, «Сәкен азат жолында» картинасының тарихы туралы, басқа да сұрақтар қойылды. Оларға суретші толымды жауап берді. Соңында қылқалам шеберіне естелік сыйлық тапсырылды.

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА ЖАСАҚТАЛАДЫ

Елорда елшілік чемпионаттар мен байрақты бәсекелер өтетін орталыққа айналды. Жыл басынан бері қаншама Азия және әлем чемпионатын көріп, өзіміздің спорт саңлақтарына жанкүйер болдық. Сондай спорт додалары жалғасын тауып, қараша айында бокстан Қазақстан спартакиадасы мен дзюдодан Қазақстан чемпионаты өтеді.



13-19 қараша аралығында «Beeline Arena» спорт кешенінде 4 жылда бір мәрте өтетін ерлер арасындағы спартакиадаға әлем чемпиондары Сәкен Бибосынов, Санжар Тәшкенбай, Махмұд Сабырхан, Нұрбек Оралбай қатысады. Жалпы спартакиадаға елдің түкпір-түкпірінен 250-ден астам былғары қолғап шебері келеді.

Жекпе-жек олимпиада жүйесі бойынша өтеді. Ерлер 13 салмақ: 46-48 келі, 51 келі, 54 келі, 57 келі, 60 келі, 63,5 келі, 67 келі, 71 келі, 75 келі, 80 келі, 86 келі, 92 келі, +92 келі бойынша жеңімпазды анықтайды.

12-15 қарашада Жақсылық Үшкем-

пиров атындағы жекпе-жек сарайында дзюдодан ерлер мен әйелдер арасында ел үздіктері анықталады. Елдің 17 облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қаласынан 500-ге жуық дзюдошы қатысады.

Қатысушылар арасында Нұрқанат Серікбаев, Данияр Шамшаев, Ислам Бозбаев, Ғалымжан Қырықбай, Бауыржан Нарбаев, Есет Қуанов, Ғалия Тынбаева, Кәмила Берліқаш сынды Азия чемпионатының, әлемдік гран-при және Grand Slam жарысының жеңімпаз-жүлдегерлері бар.

Қазақстан чемпионаты нәтижесінде 2024-2025 жылғы жаңа маусымға ұлттық құрама жасақталады.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

«Еңбек - Ел ырысы»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АҚЫНДАР АЙТЫСЫ

11-12 ҚАРАША
15:00

АМАНЖОЛ ӘПТАЙ
МҮҚТӨЗІМ

ФИЛАРМОНИЯ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ
Астана қ. Мінсарай к. 32

«ЕҢБЕК - ЕЛ ЫРЫСЫ»

11-12 қараша 15:00

Филармония залы

63 SEASON QAZAQCONCERT

12.11.17:00

«ЯЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ»
МЕЛІКЕСТІК ҰЛТТЫҚ АНЕС СЕРТІЛГІСІ

КҮЙШІЛЕР ШЕРУІ

12 қараша 17:00

Qazaqconcert



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №134

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Нұрлат БАЙГЕНЖЕ